

Облыс мекемелерінде, ұйымдарында, кәсіпорындарында ведомстволық, жеке архивтер құру туралы

Маңғыстау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 26 наурыздағы N 74 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 19 сәуірде N 1667 тіркелді.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді, кіріспесіндегі және бүкіл мәтін бойынша "мұрағат", "мұрағаттар", "мұрағатқа", және "мұрағаттарға" деген сөздер тиісінше "архив", "архивтер", "архивке", және "архивтерге" деген сөздермен ауыстырылды- Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.04.2017 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Заңдарына сәйкес, облыс мекемелерінде, ұйымдарында, кәсіпорындарында негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру кезінде құжаттау мен құжаттаманы басқару процестерін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ ұлттық архив қоры құжаттарының ведомстволық, жеке сақтау сатысында сақталуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ведомстволық архивтер құру, оларды тиісінше орын-жайлармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, жауапты адамдар тағайындау, құжаттардың сақталуын, жоғалуын, құрып кетуін және заңсыз жойылуын болдырмаудың шараларын алу қалалар мен аудандардың әкімдеріне, облыстық департаменттердің, басқармалардың басшыларына тапсырылсын және өзге де мемлекеттік органдардың басшыларына ұсынылсын.

2. Меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларына ұлттық архив қоры құжаттарының, сондай-ақ оның құрамына кірмейтін құжаттарды жинауды, уақытша сақтауды және пайдалануды жүзеге асыратын ведомстволық не болмаса жеке архив құру және жауапты адамдарын белгілеу ұсынылсын.

3. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдар мен басқа да заңды тұлғаларға мыналар ұсынылсын:

1) құжаттармен іс жүргізу және ведомстволық сақтау мәселелері бойынша қолданыстағы стандарттар мен негізгі ережелер талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

2) архив құжаттарын ретке келтіру, Қазақстан Республикасы ұлттық архив қорының құрамына жататын құжаттарды мемлекеттік архивтерге сақтауға тапсыру.

4. Аудандар мен қалалардың әкімдері меншіктің барлық түріндегі мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда іс жүргізу мен құжаттардың ведомстволық сақталуының

жай-күйін әкімият мәжілістерінде мезгіл-мезгіл қарасын.

5. Маңғыстау облыстық архивтер мен құжаттама бөлімі (М.М.Өтебаева) мекемелерге, ұйымдарға, кәсіпорындарға құжаттау және құжаттаманы басқаруды ұйымдастыру, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, іс жүргізуші және архивке жауапты қызметкерлерін оқыту мәселелері бойынша қажетті әдістемелік және кеңестік көмектер көрсететін болсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің аппарат басшысы Р.Т.Мұстапаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі